

FTAXP 17.82.10

Г. Н. Ниязбекова¹

¹Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті
Алматы, Қазақстан

Қ. БЕГМАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚОҢЫР ҮН

Аңдатпа. Поэзияның көркемдік сипаты мен бейнелеу құралдарын, тілдің ырғақтық, интонация байлығын қолдануында елеулі өзгешеліктер бар. Алайда поэзияда адамның ой-сезімі әдейі сырттай көркем делмейді, әдебиет пен өнердің басқасалаларындағы көркемдік, бейнелілік ойлау жүйесіне, сезім дүниесіне тән. К.Бегманов - жарқын, талантты ақын. Егопоэзия ар-ұжданымызды оятады. Олар қоғам үшін алаңдаушылық мәселелері бойынша, әдебиет және жазушылар тағдыры туралы болып табылады.

Ақын туған жері, ана тілі, тарихы және өнері туралы жырлайды. К.Бегмановтың Қазақстан баспаларда жарияланған поэзия жинақтары елдің ұлттық мәдениетінің алтын қорына енген.

Кілт сөздер: поэзия, әдебиет, өнер, ұлттық мәдениет, шығарма.

Аннотация. В данной статье описано и проанализировано творчество яркого и талантливого поэта К.Бегманова, поэзия которого направлена на нравственное воспитание людей, взывает к их совести и порядочности, к человеколюбию и состраданию. В его произведениях отражено также значение литературы в жизни человека, описаны судьбы различных писателей и поэтов, а также вопросы общественной жизни, судьба родного языка, истории, искусства. Во многих стихотворениях поэт воспевает родной край и отчий дом. Поэтические сборники К. Бегманова вышедшие в казахстанских издательствах, вошли в золотой фонд национальной культуры страны.

Ключевые слова: поэзия, литература, искусство, национальная культура, произведения.

Abstract. In this article the author describes and analyzes art by K. Begmanov who was a bright and talented poet. His poetry is directed to moral education of people and awakens their conscience, humanitarianism and compassion. In his literature the value of literature in a human being is reflected, he described fates of various writers and poets as well as questions of social life, destiny of the motherlanguage, history and art. The poet writes about his native land and home. K.Begmanov's poetic collections published in

Kazakhstan's publishing houses form the golden fund of the national culture of Kazakhstan.

Key words: poetry, literature, art, national culture, works.

Поэзиялық шығармаға сезім күйі, әсерлілік тән, ал прозалық туындыларда баяндау, бейнелеу жағы басым келеді.. Поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу. Ой-сезімнің бейнелілігі шығарманың көркем пішініндегі әр алуан өзгешеліктердің тууына негіз болады.

Қазақ поэзиясында Тәуелсіздік кезіндегі ақындарымыз, соның ішінде Қасымхан Бегманов образдық жүйе, көркемдік бояу-нақыштармен байыта түсті. Ақын шығармашылығындағы оқырманға ерекше әсер ететін, терең ойға қалдыратын, көркемдігі жоғары өлеңдерінің бірі- «Қоңыр ұлы ем қоңыр үйде ержеткен» атты өлеңі.

Қоңырұл ем, қоңырүйде ержеткен,
Қоңырығақжүрегімдітербеткен.

Бұл жолдар да ақын «қоңыр» сөзін еркелету мәнінде қолданып тұр. Яғни қарапайым тәрбиелі отбасының өмірдегі балалық, еркелік, тәттілікті сездіріп тұрғандай. Қоңыр үйде ержеткен деп қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ұрыс-керістен аулақ, бар байлығым балаларым деп білетін, өмірдің мәні балада деп қарайтын қазақ халқының ұлттық танымы, түсінігі жатыр.

«Қоңыр ыргақ» деп ақын өзінің анасының үнін назды жылы даусын сағынатындығын білдірсе, келесі бір «Баурап алған қоңыр кештер, қоңыр мұң»-деу арқылы жадында жарқын естелігімен қалған, сағындырған тәтті күндерінен сыр шертеді. Сонымен қатар жабырқау ақын көңілін сездіртеді.

Баурап алған қоңыр кештер, қоңыр мұң,
Қоңырболмайбүлөлке де оңаркім.
Етегінде гүл теретін қоңыр қыз,
Қалдыартымдақоңырауыл, қоңыркүз.

Ақын қолданысындағы келесі бір «қоңыр кештер», «қоңыр мұң»-метафора, эпитеттері арқылы жадында жарқын естелігімен қалған сағындырған тәтті күндерін қазақы ұғыммен өрнектейді.

«Қоңыр қыз» деу арқылы сұлулықты, үйлесімділікті, қыз жанының әсемдігін сездіретіндей. Сұлу қыздың бейнесін ақын қоңыр қыз деу арқылы тұспалдап адам жанының әсемдігін жеткізеді. Сол бір балалалықтың сағым күндері артында қалғандығын, арман қуып ауылдан жыраққа кеткен ақын күйі барша қазаққа тым жақын, етене ыстық.

Түсімееніпқоңыркүз бен қоңырқыз,
Өмірөттісолбірқоңырөңірсіз.

Сырқыраттысай-сүйекті қоңырсыз,
Өмірөтті қоңырқызсыз - көңілсіз.
Қоңыр жолдар алып кетті жыраққа,
Жауап бермей мұңлы қоңыр сұраққа.

Бәрі де эпитеттің қызметін атқарып, оқырманға эстетикалық ләззат береді. Бір сөз қанша қайталанса да, өлең көркемділігіне нұқсан келіп тұрған жоқ. Осы «қоңыр» деген сөз шығармаға ұлттық нәр, нақышты өрнек беретін тәрізді

Ананың берген тәрбиесі қоңыр үні әрдайым ойында жадында сақталып жүргенін сонымен қатар көркемдегіш құралдар арқылы яғни қоңыр қыз деп теңеуді қолданып тұр

Өмірінің өткендігін және сай-сүйекті деп қос сөзді қолдану арқылы өткенге деген сағынышын білдіреді. Өзінің алысқа кеткендігі және де қоңыр жолдар деп эпитетті қолдану арқылы арадағы қашықтықтың айрықша сипатын мағынасын білдіреді.

Үнсіз қарапаққан қоңыр бұлаққа,
Қоңыр кеште қоңырайсам... жұбат па.
Қоңыр өлең, қоңырауыл, қоңыр ән,
Қоңыр бала табиғатын қорыған.

Бұл қатарында байыптылық, қоңырқай мінезді, төзімді, сабырлы қалыпты сездіреді. Ән, ауылды қоңыр деп танымдық бағытта айшықтап тұр. Кеңдік адамның жан сарайын ашып, тынысын кеңейтетін қоңыр ауа қоңыр дала. «*Қоңыр бала*» деген өзінің бойындағы асыл қасиеттері қарапайымдылығы, байсалдығы табиғатын қорыған деу арқылы сақтап қалатындығын атап өтті.

Қарапайым қоңырақын үлгі боп,
Салқын самал көзін сүрткен сүлгі боп.
Қарай-қарай кеткен қоңыр далаға,
Қоңыр таулы сол бір қоңыр қалаға.
Бойымызда жылуы ескі күпінің,
Құдыретімен ананың ақсүтінің.

Қарай-қарай қайталама қос сөзді пайланып өзінің үлкен қалаға кеткенін айтады.

«Қоңыр» – қазақ халқының жанына жақын, философиялық мәнге ие ұғымдардың бірі. Қазақ ұлт болып жаралғаннан бері ата-бабамыздың болмысымен, тұрмыс-тіршілігімен астасып келе жатқан тарихи ұғым. Өлеңде «қоңыр» сөзі бірнеше рет қайталанып келіп, өлеңнің көркемдік ажарын кіргізіп, өңін ашып, стильдік реңк үстеп, қазақ елінің мінезіне тән қарапайымдылығы мен момындығын, мамыражай тыныш өмірін бейнелеп тұр.

Өлеңнің өн бойын құрап тұрған «қоңыр» сөзі түстік мағынадан бөлек: «қоңыр шеше», «қоңыр кеш», «қоңыр жол», «қоңырқай ой», «қоңыр күй», «қоңыр ән», «қоңыр бала», «қоңыр күпі», «қоңыр дала»,

«қоңыр үн», «қоңыр күз», «қоңыр шаруа», «қоңыр қыз», «қоңыр төбе», «қоңыр ымырт» сияқты сөздермен тіркесіп, көшпенді қазақтың сахара даласын, философиялық, психологиялық ой-танымын, өнерін, жадау тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, қарапайымдылығын, көңтерілі мінез-кұлқын көз алдымызға тартымды картина күйінде алып келеді. «Қоңыр» сөзі ақынның айтар идеясын толықтай айқындап отыр.

Ақын құдіретімен ананың ақ сүтінің деп өң бойына дарыған ана тәрбиесі ескі қалың күпі киім секілді бойында әрдайым сақтап қалуы.

Майынпісіпескіқоңыркүбінің,
Қоңыржырдыңтереңдігінтүбінің.
Қоңыр кеште қызыл гүлге жусаны ық,
Қара кемпір қарап қалған күн салып.
Сырт айналған қоңыр шалы көз сүртіп,
Қоңыр бала алыс кетті сөз түртіп.

Ақын бұл жерде өз жырын терең күбіге теңеп тұр. Өз жырының тереңдігін соның барлығы ананың ақ сүтінің құдіреті арқылы бойына сіңгендігін өлеңе арқау етіп тұр.

«Қоңыр қызыл гүл» деуі—уақытты мезгілді білдіреді. «Қара кемпір» эпитетін қолдануы арқылы өткен күндегі елестер ерекше бақытқа бөлеген кездері, көз сүртіп қана еске алатын уақыттың келгендігін сезгенін айтады.

Қоңырқойларқыркүйектекүйектеп,
Жылдарөттіқоңырмұңдариектеп.
Қайраншешемжатқанқоңырмолаға,
Қарай жүрсін айтшы қоңыр балаға,
Түсінгені, ұға алғаны қай кісің,
Оралмаған қоңыр бала қайғысын.

Қоңырлықты бойына сіңірген қарапайым қазақы тұрмыс-тіршілікте еркелей өскен баланың қоңыр таулы алып қалаға келуі, арманына ұмтылуы өлеңге арқау болған. Жалғыздықтың құрсауында қалып өткеніне қимай қарап сағынышын жырына арқау еткені шамалы болсада жанына жұбаныш болып көңіле демеу болғандай.

Шынымен де бозбала жасқа дейін ата-ананың жанында еркелей өстік. Қоңыр ауылымыздың әрбір сай-саласында өткізген қоңыр сәттеріміз бар. Ойнадық, шынайы қуандық, балалықтың бал дәмін алаңсыз сездік. Анаңның сені шақырған қоңыр үні емірене құшақтаған сәттері ешқандай жақұт таспен бағаланбайтын балғын шақ қой шіркін!

Өз қоңыр сәттеріміздің қызығына бөленіп өскен шақта сағыныш, қимастық деген сезімді сезініп көрмеппіз. Міне енді балалық шақтың аялдамасына келіп арман қуып алып шаһарларға аттанар сәт келді. Қол былғап қалған анаңнан мамыражай бейқам ауыл өмірінен алыстап бара жатқанын жаныңа батады. Қоңыр қозым деп еркетайым деп өсірген жанныңкөзінен аққан жасты көргенде алғаш рет шынайы

қимастық деген сезімді сезінесің. Алайда балалықтың жетегінен шықпаған жанның өткенге де қимастығынан гөрі болашаққа деген қызығушылығы басым болып арман қуып кете береді. Қоңыр таулы қалада мейрім іздейсің жан-жағыңа сұраулы көзбен қарап зымыраған уақыттың еншісіне көнесің. Бейқам қарапайым ауылда сіңірген тәрбиені алып қалада өмірлік жолыңның жарқын болашағыңның кепілі болады.

Бір-бірімен жарыса салынған ғимараттар зулай аққан жаңа үлгідегі көліктер өз тілінде шұбарлатып сөйлеген жандар тек жасандылықтың символы болып тұрғандай көрінеді кейде. Қоңыр ауылдағы қазақы тәрбиені көріп қоңыр салқын самал мен еркелей өскен жан ақылын сол қалаға бейімдеп көндіргенімен жүрегіндегі ауылына деген сағынышын ешнарсе мен толтыра алмайды. Міне менің ойымша Қасымхан Бегмановта қоңыр сөзін сан түрлі мағынада қолдану арқылы жастық шақтағы алып ұшқан сезім мен өткенге деген сағынышы және де соның айқын дәлелі ос өлеңнің астарында жатыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Бегманов Қ. Күреңбел: Өлеңдер, дастан, толғаулар / Қ. Бегманов. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, Дәстүр, 2014. – 384 б.

2 С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. Қазақстан жазушылары (Анықтамалық) / Құрастарушылар С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 127 б.